

**Қостанай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2018 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 221 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 ақпанда № 7544 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2018 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық мәслихатының  
кезектен тыс сессиясының төрағасы*

*С. Байгабулов*

*Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б. Копжасаров*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қостанай ауданы әкімдігінің

"Экономика және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ 3. Кенжегарина